

**ТҮРКІТАНУ
ТЮРКОЛОГИЯ
TURKOLOGY**

ӘОЖ: 930.2:811.512.1

Демесинова Л.С., Тулебаев К.Т.,* Бейсенова Р.

«Филология» мамандығының магистранты, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

«Филология» мамандығының магистранты, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

«Филология» мамандығының магистранты, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

**ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕР ТІЛІН ҚАЗІРГІ ТҮРКІ ТІЛДЕРІМЕН
ТАРИХИ-САЛЫСТЫРМАЛЫ,
ТІЛДІК-ТАНЫМДЫҚ АСПЕКТІДЕ ҚАРАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Автор-корреспондент: jadirakultai@mail.ru

Түйін: Түркітануда бұрынғы және кейінгі ортағасырлық жазба ескерткіштеріне көңіл бөлудің жеткіліксіздігі дәстүрлі қолданылатын тарихи-салыстырмалы талдау әдісімен ғылыми-теориялық формаларды әлдеқайда тереңдетіп зерттеуді қажет етеді.

Бүгінгі тақырыптың өзектілігі бірқатар қыпшақ жазба ескерткіштерін зерттей отырып, көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің тарихи-генетикалық байланысын егжей-тегжейлі қарастыру, қазақ тілінің лексикалық қоры материалында кешенді салыстырмалы жұмыстар жүргізу, фонологиялық, лексикалық, морфологиялық талдау жолдарымен бұл тілдердің сабақтастығын айқындау, бұл тілдердің жүйелі біртектілігін көрсетеді; қазақ тілінің қалыптасуында ежелгі қыпшақ тілін, оның мәдени-тарихи мәнін, олардың тарихи-генетикалық сабақтастығын айқындау. Дін, мәдениет, этностың шаруашылық жүргізуі, сөзсіз қазіргі тілде бейнеленеді. Сондықтан тіл тарихының халықтың тарихымен өзара тығыз байланысты тілдік топтар плоттогенезін зерттеу этногенез мәселелерінен ажыратылмайтындығын көрсетеді.

Кілт сөздер: Тарихи жазба мұралар, жазба дереккөздер, түркі мәдениеті, ескі қыпшақ тілі, этникалық топтар, түркі тілдерінің морфологиялық құрылымы.

Кіріспе. Шетелдік және отандық лингвистикалық ғылыми мектептер дәстүрінің жалғастығын түркі әлемінің тарихи-мәдени және тілдік-танымдық сабақтастығын жандандыруға бағытталғандығымен түсіндіруге болады. Орта ғасырлардағы қыпшақ ескерткіштеріне қатысты жаңа ғылыми көзқарастардың қалыптасуы ескерткіштер тіліндегі лексика жүйесін қазіргі түркі тілдерімен тарихи-салыстырмалы, тілдік-танымдық аспектіде қарастыруды талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, қыпшақ-оғыз, оғыз-қыпшақ тілдерінде жазылған деп анықталып жүрген орта ғасырлық жазба мұралар тіліндегі арнайы лексика-семантикалық топтардың тарихи-салыстырмалы аяда жан-жақты қарастырылмауы, ол ескерткіштерге қазіргі түркі тілдерінің қатыстылық деңгейінің кешенді түрде арнайы зерттеу нысанына алынбауы тіл тарихын зерттеу барысында кейбір қиыншылықтарға әкелетіндігі белгілі.

Орта ғасыр қыпшақтары тарихы мен мәдениетінің жазба және этнографиялық деректеріне сүйене отырып зерттеу - көне және ортатүркі, қазіргі дәуірдегі этномәдени ортақтықты анықтауға мол мүмкіндіктер береді.

Теориялық талдау. Әр дәуірден түрлі жазулармен хатқа түскен қыпшақ тілінің жәдігерліктері түрлі жанрларды қамтиды. Ғасырлар қойнауынан жеткен сөздік қорда сақталған танымдық ұғымдардың қазіргі түркі тілдерінің бірінде аз, екіншісінде көбірек сақталуы тіл дамуының заңдылығы десек, осындай құбылысты нақты тілдік деректермен анықтап, дәйектеуге болатыны белгілі, яғни белгілі дәрежеде реконструкция жасауға да мүмкіндік туындайды.

Қазіргі уақытта тілді тек қатынас құралы ретінде, оның деңгейлерінің құрылымын сипаттау сияқты классикалық лингвистикадан басқа тілді сол тілде сөйлеуші халықтың тарихы, мәдениеті және дүниетанымымен сабақтастыра отырып, кешенді түрде зерттеу ғылыми сипатқа ие болып келеді. Бұл мәселе, әсіресе кеңестік кезеңнің идеологиялық құрсауынан босағаннан кейін белсенді түрде қолға алына басталды. Қазіргі тіл білімінде

тарихи-салыстырмалы және антропоцентристік парадигмаларды ұштастыра отырып зерттеу көкейкесті мәселелердің біріне айналып отыр. Тіл тарихы халық тарихымен тығыз байланысты болатындықтан, белгілі бір тілдің немесе тілдер тобының плоттогенезін анықтау этногенез мәселелерімен қабысып жатады. Этностың дүниетанымы, мәдениеті, шаруашылығы т.б. өз кезегінде тілінен көрініс тауып отырады. Бұл өзекті мәселені қазіргі заман заман тұрғысынан синхрондық аяда шешуге тырысқанымызбен, мағынасы күңгірттенген, тіпті халық жадынан жоғалтып алған атауларды қалпына келтіруде жазба мұралардың орны ерекше. Ал сол қыпшақтық негізді тілдік деректерге сүйене отырып, яғни ескі қыпшақ тілі мен қазіргі қыпшақ тобындағы тілдердің төркіндестігін, олардың этномәдени ортақтығын қарастыру барысында қазіргі қазақ мәдениеті мен тарихымыздың өткен кезеңдеріне тарихи экскурс жасаймыз.

XIII–XVII ғғ. араб, көне готика, әліпбилерімен хатқа түсіп жеткен, бес ғасырды қамтитын қыпшақ жазба ескерткіштері тіліндегі лексика, қазіргі түркі тілдерімен сабақтастықта қарастырыла отырып, өзіндік ортақтықтары мен ерекшеліктерін анықтау қажет. Түрлі кезеңдерде, түрлі мәдени-әлеуметтік ортада жазылған мұралар тілінің лексикасы түркологияда мұндай аспектіде әлі қаралған жоқ. Түркі тілдерінің лексикасы жекелеген ғалымдардың зерттеу нысаны ғана болып отыр, тарихи жазба ескерткіштерде көрініс тапқан тілдік материалдардың қазіргі түркі тілдерімен тарихи-салыстырмалы, тілдік-танымдық тұрғыдан ізденіс нысанына айналуы қажет.

Орта ғасырлардағы қыпшақ ескерткіштері тіліндегі жүйесін қазіргі түркі тілдерімен тарихи-салыстырмалы, тілдік-танымдық аспектіде қарастыру, сөздік құрамына қарай қыпшақ-оғыз, оғыз-қыпшақ тілдеріне тән делініп жүрген орта ғасырлық жазба мұралар тіліндегі арнайы лексика-семантикалық топтарды тарихи-салыстырмалы аяда жан-жақты қарастыру, ол ескерткіш- терге қазіргі түркі тілдерінің қатыстылық деңгейін кешенді түрде арнайы зерттеу нысаны етілгені жөн.

Әрбір елдің білім жүйесінің негізгі мәселелерінің бірі-өзіне тән ұлттық мәдени ерекшеліктері мен тұжырымдамасын әзірлеу, ұлттық тілді өркендету және дамыту. Ұлттық тілдің ықпалды дамуы ұлтаралық қарым-қатынасқа және саяси интеграция жолына кедергі болмайды, өйткені барлық елдердің тарихи да, әлеуметтік де жағынан өз тілінің болуы табиғи қажеттілік.

Түркі тарихы саласы сонау сақ, ғұн, қаңлы, үйсін, қыпшақ дәуірінен бүгінгі күн аралығындағы тарихи жалғастықты ашып беруі қажет. Ол үшін түркілердің ізі қалған елдердің кітапханалары мен мұрағаттарындағы түркі дүниесіне тиісті мұраларды бір орталыққа жинастыру. Мысалы, 2011-2012 жылдары Түркі академиясының арнайы тапсыруымен барып қайтқан ғылыми іс-сапарда (С.Құдасовпен бірге) Украина мемлекетінің астанасы Киев қаласынан Армян графикасымен жазылған қыпшақ тіліндегі сот актілерін, Ереван, Львов қалаларынан армян-қыпшақ сөздіктерін бұдан басқа да тілімізге қатысты көптеген материалдар алып келдік. Бұл жәдігерліктер Астанамыздағы Түркі академиясының кітапханасына өткізілді. Оқимын, зерттеймін деген талапкерлерге кітапханада бұл жәдігерліктермен танысуға мүмкіндік бар. Тілшілеріміз бен әдебиетшілеріміз, тарихшыларымызбен заңгерлеріміз ендігі жерде бұл көне жәдігерліктерді зерттеп, ғылыми айналымға қосуы керек. Мұндай жәдігерліктің көне дәуірдегі бастауларын анықтап, қазақ халқының ата заңы «Жеті жарғымен» сабақтастығын ашса нұр үстіне нұр болар еді [1, 8].

Сонымен қатар Армения жеріндегі VIII-XVI ғғ. араб жазулы эпиграфикалық және эптафиялық жазба ескерткіштердің де тарихи-тілдік дереккөз ретінде, оларды зерттеудің ғылым үшін маңыздылығы өте зор. Өйткені араб, армян графикасымен түркі тілінде жазылған жазбалар ерте ортағасырлар мен ортағасырлар кезеңінде сол аймақтардағы түркілік қабаттарды анықтауға мүмкіндік береді. Мәселен, әзірбайжан мен түрік тілінде түркімендердің ақ қойлы, қара қойлы рулары туралы деректер, сонымен бірге қызылбастардан қалған құнды дүниелер мен жалпы түркі халқына ортақ мәдениет пен тарих іздерін айғақайтын дәлелдерді көруге көп мүмкіндіктер бар.

Қазіргі қазақ тілін лексикасының өте бай екендігі ғылымда дәлелденген, осы лексиканың қайнар көзі, түп тамыры - ортатүркі тілінде жазылған ескерткіштер лексикасында жатса керек. Қазақ тілінің негізгі сөздік қоры, базистік лексикасы, ортағасырларда қалыптасқан. Лексика, этностың тұрмыс-тіршілігінің, ойлау жүйесінің бейнесін өзге халықтарға танытатын лингвистиканың бір саласы. Тіл білімінің тарихи лексикология, этимология және этнолингвистика секілді бір-бірімен сабақтас салаларының тоғысында ғана көптеген тіл мәселесіне қатысты проблемалар өз шешімін таппақ. Мұндай проблемаларды тілші ғалымдар этнолингвистика, макросистемалар мен микросистемаларға бөліп қарастыру арқылы шешуге тырысады. Адам-адамдық болмысқа тіл мен ойлаудың бірлесе дамуы арқылы жеткен. Тіл қатынас құралы бола жүріп ойлауды, сананы, адамдар қоғамын қалыптастырды, белгілі бір этносты олау жүйесі, танымы, салт-дәстүрі қалыптасқан ұлтқа айналдырды. Осы мәселеге байланысты Ф. де Соссюрдың мына бір пікірі көңіл аударалық: «Обычай наций отражается на ее языке, а с другой стороны, значительной мере именно язык формирует нацию» [2, 59]. Этнос лексикасын құрайтын сөз-тіл элементтерінің ең бастысы. Сөз - заттар мен құбылыстардың, олардың қасиеттері мен қимыл-қозғалыс, іс-әрекеттерінің атауы [3, 5]. Түркі тілдерінің лексикасы туралы Қ.М.Мұсаев мынадай пікір білдірген: «В лексике тюркских языков обнаруживается два типа слов отражающих исторические взаимоотношение, интегрирующие и дифференцирующие [4, 4].

Түркі тілдерінің лексика-семантикалық дифференциациясы мен интеграциясы әрбір лексиканың қалыптасуымен тығыз байланысты. Осы себепті қазақ тілі лексикасының қалыптасуын ортатүркілік жазба ескерткіштер лексикасымен тығыз байланыста қарастырамыз. Тіл адам өмір сүрген ортамен, қоғамдық қатынастармен тығыз байланысты. Кез келген тілдің лексикасы белгілі бір қарым-қатынастар мен байланыстардағы тақырыптық және семантикалық топтардың негізіндегі тілдің құрылымдық жүйесінен құралады. Жалпы түркі тілінің басты ерекшеліктері ретінде өзге ғылым мамандары да көне жазу ережелерінің, әсіресе оның әліпби құрамының соншалықты дәл және нақты жасалғанын атап көрсетеді. Мысалы, В.В.Бартольд көне түркі жазуының сол кезеңде осы тілде сөйлеген халық үшін өте ыңғайлы жасалғанын ерекше атап өткендігі, өзге ғалымдардың да бұл жазу туралы оң көзқараста болуына ықпал етті. Ғалым: «Турки, по-видимому, не только заимствовали готовый алфавит, но прибавили к нему некоторые новые знаки... Сверх того, алфавит был приспособлен турками к фонетическим особенностям своего языка, особенно к закону звуковой гармонии; вследствие этого самый старейший из турецких алфавитов в то же время должен быть признан самым совершенным из алфавитов, когда либо употреблявшихся турками» [5, 139] - деген келелі ой түйінін білдіреді.

Нәтижелер мен талқылау. Қандайда бір тіл болмасын, оның бір жерде өзгеріссіз тұруы мүмкін еместігі және тілдің үздіксіз, әрі баяу дамып отыратын құбылыс екендігі тіл білімінде дәлелденген. Сондықтан ол үнемі ғылыми талқыға түсіп, зерттеліп отыруы тиіс. Әрбір тілдің өткен тарихы, қазіргі кездегі қалпы және болашағы бар. Тіл материалдарын салыстырғанда оның қазіргі жайын өткенімен салыстыра қараған жөн. Түркі тілдерінің, әсіресе қыпшақ тобына кіретін қазіргі қазақ тілінің тарихын оқып-біліп, зерттеу үшін олардың тарихи - салыстырмалы грамматикасы мен тарихи лексикологиясын жазуда және әр тілдің өзіне тән қыр-сырын ашуда ортағасыр жазба ескерткіштерінің алар орны ерекше.

XIV ғасырдың бірінші жартысында бүкіл елге мұсылман діні кеңінен жайылды. Өзбек хан қалалар, мешіттер, медреселер салуға көңіл бөлді. Алтын Орда сауда жолында орналасқан ең мәдениетті мемлекетке айналды.

Рухани құндылықтарымыз - Алтын Орда дәуірінде дүниеге келген жазба жәдігерліктер. Көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштерді қазақ руханиятының қайнар көзі деп тани отырып, тілдік, әдеби тұрғыдан зерделеу - маңызды іс [6, 37].

Қорытынды. Тіліміз бен жазу мәдениетіміздің тарихи даму жолын нақтылау барысында көне және орта кезеңдерде түрлі жазулармен хатқа түскен жәдігерлік-терімізді

туыстас түркі тілдерінің материалдарымен салыстырмалы түрде зерттелуі шарт. Ол үшін:

- екі дәуірде мағынасы өзгермеген, бірақ тұлғасы ішінара фонетикалық өзгеріске ұшыраған сөздерді саралап, екі дәуір тіліндегі дыбыстық өзгерістерді, дыбыс сәйкестерін талдау арқылы олардың табиғатын;

- орта түркі тілдерінде қолданылған жазу нормасының генезисін;

- орта түркі тілімен қазақ тілінің арасындағы лексика-семантикалық байланысты жазба ескерткіштермен қазақ тіліне ортақ, тұлғасы да мағынасы да сәйкес келетін лексикалық параллельдерді анықтау;

- ескерткіштер тіліндегі сөз мағыналарының қазіргі түркі, соның ішінде қазақ тіліндегі өзгеру, даму жолдарына шолу жасау;

- тарихи даму жолындағы әрбір сөз мағынасының өзгеру, кеңею, таралу процестерін зерделеу.

Қазіргі қыпшақ тілдес мемлекеттердің тәуелсіз ел болып қалыптасуына орай, XI-XV ғасырлар аралығындағы ескі қыпшақ мәдениетін зерттеу ісі жаңа тұрпатқа ие болып отыр. Қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен, башқұрт, қарақалпақ, әзербайжан, қырым татарлары және т.б. этностар мен тайпалардың жеке ел болып қалыптасу ісі - осы ескі қыпшақ мәдениетімен, тарихымен, тілімен өте тығыз байланыста, сондықтан біздер қарастырып отырған бүгінгі мәселе тарих, филология және т.б. ғылым салаларымен, іргелі ғылыми зерттеу жұмыстарымен, сонымен қатар қазақ тілі тарихы, түркітану мәселелерімен тығыз байланысты және өзектес болуы қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Боранбаев С. Түркология ғылымының қазіргі кейбір міндеттері мен проблемалары. Түркітанудағы ортақ рухани мұралардың зерттелуі: кешегісі, бүгінгі, болашағы атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университеті. Орал. 2014, 3-4 қазан

2. Соссюр Ф. Труды по языкознанию. Москва. 1977. с.59

3. Қалиев Б., Жылқыбаева А. Сөз мағыналарының негіздері. Алматы. 2002.56

4. Мусаев К.М. Некоторые особенности лексико-семантической дифференциации и интеграции тюркских языков. // Түркітану мәселелері: бүгінгі мен болашағы. Алматы. 2001.46

5. Бартольд В.В. Новый труд о половцах // Русский исторический журнал РАН // Пг., 1977 Кн.7, с. 139

6. Сабыр М.Б. Алтын Орда жазба ескерткіштері - ұлттың рухани мұрасы // «Алтын Орда жазба ескерткіштері-ұлт руханиятының негізі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Шымкент, 2020. 376.

Аннотация: Недостаточность внимания тюркологии к письменным памятникам раннего и позднего средневековья требует более глубоких исследований научно-теоретических форм методом историко-сопоставительного анализа, традиционного используемого в тюркологии. Сегодняшняя тема актуальна тем, что проследивает историко-генетическую связь старокыпчакского и казахского языков, исследуя ряд письменных старокыпчакских памятников, проводит комплексную сопоставительную работу на материале лексического фонда современного казахского языка, выявляет преемственность этих языков путем анализа фонологической, лексической, морфологической ярусом как следствие системной однородности языков; определяет роль старокыпчакского языка и его культурно-историческую значимость в формировании казахского языка, их историко-генетическую преемственность. Религия, культура, ведение хозяйства этноса, бесспорно, находят свое отражение в современном языке. Поэтому тесная взаимосвязь истории языка с историей народа предполагает неотделимость изучения глоттогенеза языковых групп с проблемами этногенеза.

Ключевые слова: Исторические письменное наследие, письменные источники, тюркская культура, старокыпчакский язык, этнические группы, морфологический строй тюркских языков.

Abstract: Insufficiency of attention of Turkology to written monuments of the early and late

Middle Ages demands deep studies of scientific theoretical forms by method of the historical and comparative analysis, traditionally used in a Turkology. The given subject is actual that traces a historical genetic linkage of Old Kipshak and Kazakh languages, investigating a row written the Old Kipshak of monuments, carries out complex comparative work on material of lexical fund of modern Kazakh language, reveals continuity of these languages by the analysis of phonological, lexical, morphological circles as a result of system uniformity of languages; defines the role of Old Kipshak and cultural - historical importance in formation of the Kazakh language, historical and genetic continuity of both languages. The religion, culture, housekeeping of ethnos, undoubtedly, reflects modern language. Therefore the close interrelation of history of a language with history of the people assumes close study of a glotto genesis of a language groups with ethnogenetical problems.

Keywords: Historical written heritage, written sources, Turkic culture, an aincient kipchak language, ethnic groups, the morphological structure of the Turkic languages.